

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 35 (830) 24 қыркүйек, 2021 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha_tan@list.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ТӘУЕЛСІЗДІГІ
ТУРАЛЫ 100 ӘНГІМЕ

«Қазақстан Тәуелсіздігінің мерейтойлық отызыншы жылында. Қазақстан Тәуелсіздігінің шежіресі миллиондаған әр түрлі ұрпақтағы қазақстандықтардың ерлік күшімен жазылған. Біз Қазақстанды ғасырлар бойы құрдық — кез-келген сынақты бірге жеңеміз.»

«Тәуелсіздік туралы 100 әңгіме» кітабы — 1991 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақстан Тәуелсіздігінің соңғы үш онжылдықта қол жеткізген жетістіктерімен тікелей немесе жанама байланысты бірегей оқиғалардың альманахы.

Спикерлердің көпшілігі тарихи оқиғалардың куәгері бола отырып, жеке естеліктерімен және эмоцияларымен бөліседі, ел дамуының әр нақты кезеңінің бұрын белгісіз болған бөлшектерін еске түсіреді.

Кітап Қазақстанның көрнекті саясаткерлерімен, экономистерімен, сондай-ақ ғалымдармен, мәдениет және спорт өкілдерімен эксклюзивті сұхбаттар негізінде құрастырылды.

Кітап оқырмандардың ең кең тобына және ең алдымен Қазақстанның жаңа тарихына қызығушылық танытқандарға арналған.

«Тәуелсіздік туралы 100 әңгіме» альманахының ерекшелігі — XX-XXI ғасырлар тоғысында Қазақстанның дамуына әсер еткен белгілі оқиғаларды тарихи шешімдер қабылдау мен жаңаша оқуға сөйлеушілердің тікелей қатысуы.

Толығырақ <https://100angime.kz>

* * * * *

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ

2021 жылғы 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін дәстүрлі жалпы республикалық "Мектепке жол" қайырымдылық акциясы жүріп жатыр.

Акцияның мақсаты-аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан білім алушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде материалдық және өзге де көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу болып табылады.

Жыл сайын Тайынша қаласында "Мектепке жол" республикалық акциясын өткізу жақсы дәстүрге айналып келеді. Тайынша қаласының №5 орта мектебінде көп жылдан бері гуманитарлық көмек пункті бар, онда мектеп мұғалімдері мен ата-аналар «қамқоршылық кеңесі» киім, аяқ киім, кеңсе тауарларын көмек ретінде әкеліп береді.

Биылғы 2021-2022 оқу жылында да ТОО «BioOperations», ТОО «Кокше ТехСтрой», ТОО «Элеватор-Тайынша», ТОО «EMC Agro», Қалалық Әкімшілік, Аудандық Әкімшілік мектебіміздің оқушыларына көмек көрсетті:

Көмек көп балалы отбасыларға, жетім балаларға, аз қамтылған отбасыларға және түрлі себептер бойынша мектепке дайындық кезінде көмекке мұқтаж адамдарға көрсетіледі. Жоғарыдағы демеушілер, аталған акцияға немқұрайлы қарамай, оқушыларға материалдық және қаржылық жағынан қол ұштарын созып, үлкен көмек көрсетті. Осы демеушілерімізге, отбасылық амандық еңбектеріңізге жеміс, табыс тілей отыра алғысымызды білдіреміз.

Тайынша қаласындағы №5 орта мектебі.



Саламатты өмір салты

«Ақ бидай-2021» өз мәресіне жетті



Облыстық «Ақ бидай» ойындары биыл пандемияға байланысты Петропавл қаласында өтті. Дәстүрлі ауыл спортшыларының спартакиадасы 13 спорт түрінен өтіп, жалпы командалық есеп бойынша Тайынша ауданы III орынды иеленді.

«Ақ бидай» ойындары екі кезең бойынша өтті. Біріншісі 6 спорт түрінен шілде айында, ал шешуші кезең қыркүйектің 16-17 күндері аралығында өтті. Екінші кезеңде жалпы командалық есепте қызылжарлықтар барлық қарсыластарының алды болды.

Нәтижесінде ауыл спортшыларының спартакиадасындағы кубок пен 300 мың теңгенің сертификатына Қызылжар ауданының спортшылары ие болды. Екінші орын мен 200 мың теңгелік сыйақы Мағжан Жұмабаев ауданына берілді. Ал, үздік үштікті тайыншалықтар қорытындылап, оларға кубок пен 100 мың теңге бұйырды. Келер жылы «Ақ бидай» спорт мерекесі Ақжар ауданында өтеді деп жоспарланды.

Тайыншалықтар, жеңістеріңіз құтты болсын!

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты

* * * * *

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Қалыптасқан көпжылдық дәстүр бойынша 1 қазан мен 1 қараша аралығында өңірде қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау айлығы өтеді.

Айлық қарсаңында Сіздерге облыс тұрғындарының аға буын өкілдері мен мүгедектерге қолдау көрсету бойынша қайырымдылық акцияларына қатысу дәстүрін қолдау, бүкіл өмірін еліміздің болашағы үшін еңбекке арнаған адамдарға құрмет көрсету туралы өтініш білдіреміз.

Біздің қарттарға, қарт адамдарға қамқорлық жасау-бұл бір минутқа ұмытылмайтын нәрсе. Біздің ортақ парызымыз - олардың тыныш кәрілігін және кепілді әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету. Қарттар күні оларға барынша көңіл бөліп, қамқорлық көрсету.

Сіздерге алдын ала алғыс айтамыз және Қарттар мен мүгедектерді қолдаудың бүкілхалықтық акциясына сіздердің белсенді қатысуларыңызға үміттенеміз!

Ұйымдастыру комитеті

* * * * *

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясаты

Қазақстанда тарихи себептерге байланысты қалыптасқан тілдік ахуал, орыс тілінің үстемдігі, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесі ел азаматтары жиі көтеріп жүрген түйткілді жайттың бірі.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандықтардың басын біріктіруші фактор-қазақ тілі, сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін баршамыз бірігіп көтеруіміз керек» деген болатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Қазақстан халқына арналған жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезең келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек» деп, қазақ тілін дамытуға қатысты өз ойымен бөлісті.

Қазіргі таңда Қазақстан халқының мемлекеттік тілді меңгеру көрсеткіші бойынша өңірлер арасында бірыңғайлық жоқ. Бұл тиісті өңірдің географиялық орналасу ерекшелігі мен тұрғындардың этникалық құрамына байланысты. Бұл тиісті өңірлерде тіл саясатын жандардыру қажеттігін білдіреді.

Тіл саясатында соңғы жылдары орын алған маңызды өзгерістің бірі қазақ тілін латын графикасына көшіру жұмыстары.

Латын графикасына көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Қорыта келгенде, Қазақстанда қазақ тілінің мәртебесін, оның құзыретін іс жүзінде нығайту мәселесі, екіншіше орай, әлі күнге өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұл шындығында бәрімізге артылған жауапкершілік жүгі, барша қазақстандықтардың ортақ ісі.

Тайынша ауданының №2 аудандық соты төрағасы
Қайрош ӘЛНӘЗІРОВ

ҰСТАЗ - ҰЛАҒАТТЫ ҰҒЫМ

Ұстаз... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі - Ұстаз. Өмірдің қыр-сырын білуге, сан қилы құбылыстарын терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниені нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған ұстаз Әлия Құматайқызының бейнесі оқушыларының көңіл төрінен орын алды. Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын ұстаз. Әр сабағына асқан жауапкершілікпен дайындалып, бар жұмысын тыңғылықты тындыруға асығатын адам. Әлия Құматайқызы - жаны таза, адамгершілігі биік. Жақсы сырлас. Ақыл - парасаты өмірде көрген-білгендігімен ұштасып жатады.

Екі баланың анасы, сыйлы жан. Әлия Құматайқызы әр оқушының жанына білім дәннен сеуіп, өз сабақтарын биік деңгейде өткізіп, әр шәкіртін аялап, бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгіп еңбек атқарды, қазіргі уақытта еңбегінің жемісін көріп отырған абзал жан.

Мұғалімдер мерекесі қарсаңында Тайынша қаласының №4 орта мектебінің ұжымы «Ұстазыма зор махаббатпен» атты әлеуметтік жоба аясында жүрекжарды, ерекше алғыс сөзін арнай отырып, ардагер ұстаз Әлия Құматайқызына ұжым атынан аудандық «Тайынша таңы» газетін 2022 жылға жаздырды. Осы әлеуметтік жобаны чөллендиретінде №5 орта мектебіне жолдаймыз!

Тайынша қаласының
№4 орта мектебінің ұжымы.

ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СЕКТОРЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

	Өзіне-өзі қызмет көрсету секторы орнатылған ұйымның атауы	Орналасқан орны			
1	«СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ	Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 197	35	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Амандық орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Амандық ауылы, Школьная к-сі, 12
2	«СҚО Тайынша ауданы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Абай ауылдық округі, Қарағаш ауылы, Жанатлек к-сі, 9	36	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Большеизюм орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Большой Изюм ауылы, Октябрьская к-сі, 88
3	«СҚО Тайынша ауданы Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Алабота ауылдық округі, Аққұдық ауылы, Центральная к-сі, 35	37	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Вишневка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Вишневка ауылы, Школьная к-сі, 36
4	«СҚО Тайынша ауданы Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Амандық ауылдық округі, Амандық ауылы, Жамбыл к-сі, 12	38	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Горького орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Горькое ауылы, Пушкина к-сі, 14
5	«СҚО Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Большеизюм ауылдық округі, Большой Изюм ауылы, Целинная к-сі, 74	39	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Драгомировка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Драгомировка ауылы, Школьная к-сі, 10
6	«СҚО Тайынша ауданы Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Донецк ауылдық округі, Донецкое ауылы, Комарова к-сі, 14	40	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Донецк орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Донецкое ауылы, Больничная к-сі, 33
7	«СҚО Тайынша ауданы Драгомировка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Драгомировка ауылдық округі, Драгомировка ауылы, Мира к-сі, 11	41	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Зеленогай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Зеленый Гай ауылы, С. Багинский к-сі, 28А
8	«СҚО Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Зеленогай ауылдық округі, Зеленый Гай ауылы, Вавровского к-сі, 18	42	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ильичевка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ильичевка ауылы, Бесқарағай к-сі, 2
9	«СҚО Тайынша ауданы Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Келлер ауылдық округі, Келлеровка ауылы, Строительная к-сі, 17	43	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ильич орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ильич ауылы, Карл Маркс к-сі, 6
10	«СҚО Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Киров ауылдық округі, Кирово ауылы, Пушкин к-сі, 73	44	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қарағаш орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қарағаш ауылы, Суңғат Хамидуллин атындағы көше, 10
11	«СҚО Тайынша ауданы Краснополяна ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Краснополяна ауылдық округі, Красная Поляна ауылы, Кооперативная к-сі, 27	45	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Краснокиевка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Краснокиевка ауылы, Ленин к-сі, 15
12	«СҚО Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Летовочный ауылдық округі, Летовочное ауылы, Гагарина к-сі, 3	46	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Краснополяна орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Красная Поляна ауылы, Школьная к-сі, 8
13	«СҚО Тайынша ауданы Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Мироновка ауылдық округі, Мироновка ауылы, Школьная к-сі, 5	47	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Чкалово № 1 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Чкалово ауылы, Жамбыл к-сі, 40
14	«СҚО Тайынша ауданы Рошинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Рошинск ауылдық округі, Рошинское ауылы, Школьная к-сі, 14	48	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Чкалово № 2 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Чкалово ауылы, Жамбыл к-сі, 40 А
15	«СҚО Тайынша ауданы Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Теңдік ауылдық округі, Теңдік ауылы, Абай к-сі, 10	49	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Кенес Одағының Батыры И.М. Березной атындағы Келлеровка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Келлеровка ауылы, Школьная к-сі, 4
16	«СҚО Тайынша ауданы Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Тихоокеан ауылдық округі, Тихоокеанское ауылы, Садовая к-сі, 16	50	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Кирово орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Кирово ауылы, Пушкин к-сі, 14
17	«СҚО Тайынша ауданы Чермошная ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Чермошная ауылдық округі, Чермошная ауылы, Целинная к-сі, 2	51	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Леонидовка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Леонидовка ауылы, Школьная к-сі, 17
18	«СҚО Тайынша ауданы Чкалово ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Чкалово ауылдық округі, Чкалово ауылы, Гагарина к-сі, 26	52	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Летовочный орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Летовочное ауылы, Школьная к-сі, 25
19	«СҚО Тайынша ауданы Яснополяна ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Яснополяна ауылдық округі, Ясная Поляна ауылы, Куйбышев к-сі, 60	53	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Макашевка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Макашевка ауылы, Рабочая к-сі, 8
20	«СҚО Тайынша ауданы Тайынша қ. әкімінің аппараты» КММ	Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 2	54	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мироновка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Мироновка ауылы, Школьная к-сі, 2
21	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» КММ	Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 197 А	55	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Новогречановка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Новогречановка ауылы, Школьная к-сі, 22
22	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ	Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 203	56	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петровка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Петровка ауылы, Школьная к-сі, 1
23	«Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ	Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 203	57	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Теңдік орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Теңдік ауылы, Абай к-сі, 31
24	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ	Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 206	58	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Чермошная орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Чермошная ауылы, Школьная к-сі, 4
25	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ	Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 2	59	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ясная Поляна орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ясная Поляна ауылы, Куйбышев к-сі, 43
26	Тайынша ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы	Тайынша қ., Астана к-сі, 170	60	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аймақ негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Аймақ ауылы, Мира к-сі, 25
27	«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысындағы ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Тайынша аудандық аумақтық инспекциясы» КММ	Тайынша қ., Советская к-сі, 191	61	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Калиновка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Калиновка ауылы, Центральная к-сі, 5
28	«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысындағы агроөнеркәсіптік кешендегі Мемлекеттік инспекция комитетінің Тайынша аудандық аумақтық инспекциясын» КММ	Тайынша қ., Советская к-сі, 191			
29	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша қаласының № 1 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы к-сі, 201			
30	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша қаласының № 2 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тайынша қаласы, Карл Маркс к-сі, 75			
31	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша қаласының № 3 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тайынша қаласы, Советская к-сі, 63			
32	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тайынша қаласы, Коммунистическая к-сі, 55			
33	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша қаласының № 5 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы к-сі, 255 А			
34	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Алабота орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Аққұдық ауылы, Центральная к-сі, 34			

Қыркүйек айының үшінші жексенбісі – Аналар күні

АНА – БАҚЫТ, АНА – ЖЫР, ЖАҚСЫ ІСТЕРДІҢ БАСЫНДА ДА АНА ЖҮР



Қазақ халқы жылқыны ерекше бағалап, қасиет тұтқан. Жылқы - ерттеп мінсең – көлік, еті – тіл үйірет тағам, балдай қымызы – шипалы сусын және дертке дауа. Ауданымыздағы Теңдік ауылының тұрғындары Ахмеровтар отбасы бие ұстап, қымыз баптауды отбасылық кәсіпке айналдырып, көпшіліктің алғысына бөленіп отыр. Байқап қарасаңыз, еңбек ететін деген адамға ешқандай да сылтау керек емес екен. Кез келген уақытта, жұмысты таңдамай-ақ қаражат көзін табуға болады.

Аталған отбасының отанасы Ақмола облысына қарасты Жаңатілек ауылының тумасы Қарақас Қайроллақызы – 20 жыл бие сауып, қымыз дайындаумен айналысып келеді. Қымыз баптауды жасынан әжесінің жанында жүріп меңгеріп алған біздің кейіпкеріміз ананың аялы алақанын көрмей өсті, алты жаста анадан жетім қалады. Анасы небары 37 жасында өмірден озған екен. Міне, сол бір тағдырдың тауқыметін тартқан шақта ата-әженің тәрбиесінде болған ол - ауылдағы тіршілікке әбден бейімделіп, кез-келген отбасындағы шаруаларға асқан жауапкершілікпен қарайтын. Отбасындағы алты баланың үлкені тіпті атқа шауып, қой баққан, бие сауып, әжесіне жасынан қымыз дайындауға да көмек көрсеткен.

Иә, өмір өз арнасымен жылжып өтіп жатты. Есейіп ер жетіп, тағдырдың жазуымен 1982 жылы Теңдік ауылына келін болып түскен Қарақас үшін ауылдың тыныс-тіршілігі тіпті де қиын болған жоқ. Үлкен әулетке келін болып түскен сәтінен бастап үй шаруасын ұршықтай иіріп әкеткен ол, жаз айларында бие сауды. Түліктің күтімі мен жем-шөбін беріп, жайғастыруды жолдасы Өтеген Ақанұлы өз қолына алып, отбасылық өмір басталып кетті. Өмірге сәбилер келді, отбасында 4 бала есейіп ер жетті. Үлкені Кульзат, Нұрбек, Мирман, Досым. Күйеу бала Андрей мен келіндері Махаббат, Ботагөз, Бибиноур да өз жұмыстарынан қолдары босаған кезде аналарына көмектесуге асығып-ақ тұрады.

Ал, отағасы Өтеген атамыз алғашқы еңбекке араласқан кезден бастап, зейнет жасына жеткенге дейін үнемі мал шаруашылығында болды. Сол кездегі аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде мал бордақылауда қажырлы еңбек етті. Қажетіңе жаратып, өнімін алған соң, күтімді де талап ететін мал шаруашылығының озат жұмысшылар қатарында болып, талай Алғыс хаттармен, бағалы сыйлықтармен марапатталған. Бұл отбасының бал татыған қымызынан бүгінде қаншама адам дәм татқан. Сауылған бие сүті саумал түрінде де, ашыған қымыз күйінде де көпшілік сұранысына ие болып тұтынушыларға қолжетімді бағамен сатылуда. Қымыз қасиетті сусын болғандықтан, аса тазалықты, ашыту технологиясын жіті сақтауды, ыдыстың сапалы болуын және уақытында ыстап отыруды қажет етеді. Міне, осы талаптарды орындағандықтан да, бұл отбасының аштықан қымызына сұраныс көп түседі екен. Тіпті бір шеті Ресей елінен де сұраныс болыпты. Жалпы бұл кәсіп оңай кәсіп емес. Жылқы малы төрт ай сауылады екен. Соңдықтан, жыл маусымына қарай қымызды: уыз қымыз, жазғы қымыз, күзгі, қысқы қымыз деп атаған. Бірінші уыз қымыз – бұл бие сүтінің уыз дәмі таралған

кезде ашытылған қою қымыз болса, сары қымыз – жаз ортасындағы, шөп әбден пісіп, буыны қатқан кездегі қымыз. Ал, түнемел қымыз – мол қордың үстіне сүт қышқылы арнаулы торсықта сақталып, екі тәулік сапырылып, пісуі жеткен қымыз. Сонымен бірге, құнан қымыз – үш тәулік бойы ашытылса, бал қымыз – бал, қант секілді тәтті қосып дайындалған қымыздың түрі. Төрт тәулік ашытылатын қымызды дөнен қымыз, Бесті қымызды – бес тәулік ашытса, асау қымызды – одан да көп уақыт ашытатындықтан, бесті қымыздан да күшті



болады екен. Бұл сусынның дайындалуына қарай жуас, ал, нағыз бие суалтар кездегі сірге жиар деген түрлері де барын әңгіме барысында бүгінгі кейіпкеріміздің айтқан тартымды әңгімесінен білдік. Сонымен қатар, Қарақас апайымыз қымыз даярлау технологиясымен бөлісті.

– Қымыздың дәмінің бабына келуінде күбінің маңызы



зор. Күбіні ыстаудың да белгілі тәсілдері бар. Сапалы, дәмді, хош иісті қымыз болуы үшін оларды түтінге ыстайды. Ыстағанда да тобылғы не қайыңмен ыстайды. Күбі түтінмен ысталған соң оның ішіне кішкене арнайы ашыған қаймақ жағылады. Дайындалған қымыз 3-4 күн салқын жерде сақталады, ішетін кезде тым суық болмауы керек. Қымыздың құрамына кіретін түрлі заттардың бәрі де ашытылу сапасына қарай адамның бойына жақсы сіңеді, – деген әңгімесінен Қарақас ананың өз ісінің хас шебері екендігін білдік.



Қымызды емдік сусын ретінде халық медицинасында асқазан, өкпе, ішек ауруларына пайдаланған. Қымыздың әсерінен асқазан сөлінің бөлінуі жақсарады, тәбеті артады, астың қорытылу жүйесі жақсы жұмыс істейді. Ал, қазіргі медицинада қымызды антибиотиктермен және басқа да дәрі-дәрмектермен байланыстыра отырып, өкпе туберкулезінен, бүйрек, сүйек ауруларына және де ішек-қарын, жүрек, қантамырлары ауруларын емдегенде, сондай-ақ дәрумендер жетіспегенде қолданып жүргендігі көпшілікке белгілі.

Міне, ұлттық сусынның ұлт саулығындағы алар орны осындай десек, біздің бүгінгі кейіпкеріміз – Қарақас Қайроллақызы Ахмеровтар отбасының берекесі мен бірлігін сақтап отырған аяулы ана, немерелері үшін ардақты да ақылшы әже ғана емес, осы кәсібі арқылы көпшілікке танымал болып отырған - кәсіпкер ана. Шынымен де «Тұлпар» жеке кәсіпкерлігінде дайындалған қымыз аудан көлемінде сұранысқа ие болып отыр. Емдік қасиеті бар осы ұлттық тағамды дайындаған кәсіпкер анаға көпшіліктің алғысы шексіз. Қыркүйектің үшінші жексенбісі Аналар күні мерекесі қарсаңында кездесіп, кәсіпкер ананың жағдайын білуге арнайы барып, білгеніміз осы болды. Отбасындағы аяулы ананың Аналар күні мерекесімен қатар, туған күні және зейнет жасына жетіп зейнеткер атануы – бұл отбасы үшін мерейлі мереке деп білеміз. Ендеше 60 жасты еңсеріп, зейнет жасына жеткен бүгінгі кейіпкеріміздің кәсібіне толағай табыс, отбасына береке – бірлік тілейміз.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тұяынша таңы»

ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СЕКТОРЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ


(Басы 2 - бетте).

62	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Любимовка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Любимовка ауылы, Мира к-сі, 19	74	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ивангород бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ивангород ауылы, Школьная к-сі, 2
63	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Озерное негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Озерное к-сі, Садовая к-сі, 14	75	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Бахмут бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Бахмут ауылы, Школьная к-сі, 4
64	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Подольское негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Подольское ауылы, Школьная к-сі, 15	76	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Талап негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Талап ауылы, Мектеп к-сі, 46
65	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Севастополь бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шұңқыркөл ауылы, Школьная к-сі, 2	77	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Подлесная негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Подлесное ауылы, Школьная к-сі, 9
66	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тихоокеан негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тихоокеанское ауылы, Кирова к-сі, 6	78	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Заречное бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Заречное ауылы, Интернациональная к-сі, 2
67	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Краснокаменск негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Краснокаменка ауылы, Центральная к-сі, 46	79	ҚР БҒМ «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Новоприречное негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Константиновка ауылы, Школьная к-сі, 27
68	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мадениет негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Мадениет ауылы, Школьная к-сі, 11	80	ҚР БҒМ «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Агроном бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Краснодольск ауылы, Школьная к-сі, 18
69	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Константиновка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Константиновка ауылы, Школьная к-сі, 27	81	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің «Қарлығаш» бала-бақшасы» МКҚК	Тайынша қ-сы, Центральный бұрылысы, 20
70	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Многоцветный негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Многоцветное ауылы, Школьная к-сі, 21	82	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің «Болашақ» бала-бақшасы» МКҚК	Тайынша қ., 50 лет октября к-сі, 11
71	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Краснодольск негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Краснодольск ауылы, Школьная к-сі, 18	83	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің «Айгөлек» бала-бақшасы» МКҚК	Чкалово ауылы, Жамбыл к-сі, 42
72	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Рощинск негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Рощинское ауылы, Школьная к-сі, 14	84	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің «Вишенка» бала-бақшасы» МКҚК	Вишневка ауылы, Центральная к-сі, 35
73	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Обуховка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Обуховка ауылы, Школьная к-сі, 42	85	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің «Балдаурен» бала-бақшасы» МКҚК	Зеленый Гай ауылы, Вавровский к-сі, 17
			86	«Тайынша агробизнес колледжі» КММ	Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы к-сі, 261
			87	Орталық аудандық кітапхана	Тайынша қ., Пролетарская к-сі, 193

* * * * *

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР АЛУ ҮШІН ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРЛЕРІ

Реттік №	Мемлекеттік мекеменің атауы	Мемлекеттік қызметтер бойынша консультациялар алуға арналған телефон нөмірлері			
1	«СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 22342	14	«СҚО Тайынша ауданы Рощинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 79071
2	«СҚО Тайынша ауданы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 76796	15	«СҚО Тайынша ауданы Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 42001
3	«СҚО Тайынша ауданы Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 75197	16	«СҚО Тайынша ауданы Тихоокен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 77118
4	«СҚО Тайынша ауданы Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 42671	17	«СҚО Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 79041
5	«СҚО Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 32525	18	«СҚО Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 70014
6	«СҚО Тайынша ауданы Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 32525	19	«СҚО Тайынша ауданы Яснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 73394
7	«СҚО Тайынша ауданы Драгомиров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 74235	20	«СҚО Тайынша ауданы Тайынша қ. әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 79042
8	«СҚО Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 77373	21	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің білім бөлімі» КММ	8 (715 36) 22075, 21259
9	«СҚО Тайынша ауданы Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 51203	22	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ	8 (715 36) 41072
10	«СҚО Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 32148	23	«Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ	8 (715 36) 23347, 22527
11	«СҚО Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 54217	24	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ	8 (715 36) 22697
12	«СҚО Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 52310	25	«Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ	8 (715 36) 22056
13	«СҚО Тайынша ауданы Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	8 (715 36) 37590	26	«Ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ	8 (715 36) 21360
			27	«Дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ	8 (715 36) 23169
			28	«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі» ММ	8 (715 36) 21012
			29	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ	8 (715 36) 21643

<p>Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.</p> <p>Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.</p> <p>Индекс: 65710</p> <p>Газет әр аптаның жұма күні шығады.</p>	<p>Директор - Бас редактор</p> <p>Гүл НУРАЛИНА</p> 	<p>Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген</p> <p>Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.</p> <p>Тапсырыс 303. Таралымы 1300.</p>	<p>МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:</p> <p>Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй.</p> <p>БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОННЫМЫЗ:</p> <p>8 (715 36) 2-36-96</p> <p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.</p>
--	--	---	---